

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.06. - 30.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Жаз және балалардың қауіпсіздігі" атты кеңес.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстелдердің жанына орындықтарды қою. Мақсат-міндеттер: орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалына игерту; балаларды еңбекке дағдыландыру, ересектерге көмектесуге үйрету. (еңбек дағдылар)	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. (еңбек дағдылар)		Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылар)	Кітап бұрышын тазалау Мақсат-міндеттер: құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, реттікті орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. (еңбек дағдылар)
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп,		Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ". Кемпірқосақ

	"Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Жел көбік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға	оңға-солға бұрандау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Шапалақты қағайық, (Шапалақ қағу) Көңілді болайық. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		Көркем сөз. "Зымыран". Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, Ұшып кетті зымыран. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Үстел үсті ойыны: "Түстерін тап" Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі-түсті	көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Жел көбік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік- шар,
--	--	---	--	---	---

	дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады: Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де	Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер". Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. (сөйлеуді дамыту, танымдық		қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. (танымдық дағдылар)	Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. (дене шынықтыру)
--	--	--	--	---	---

	тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. (дене шынықтыру)	дағдылар)			
Таңертеңгі жаттығу	"Достық" жаттығуы. Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (Қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық. (Қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларға тамақтану ережелерін еске түсіру арқылы, ас ішу дағдыларын қалыптастыру. Асты толық дұрыс шайнауға үйрету. <i>Көркем сөз</i> Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Күн" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Алақанды ашамыз, Жарқын күнге қараймыз. (Балалар алақандарын алға созады, және ырғақпен жоғары-төмен бұрады) Бізге жылу бере ғой, Күш, қуатым тасысын. (Өздеріне шақырғандай саусақтарын қимылдатады) Саусақтарым жатпайды, Ешбір тыным	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. (музыка) "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа		"Жұбыңды тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыш, шапшаң болуға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту) "Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)
--	--	--	--	--	--

	таппайды.(Саусақтар ын бүгіп, қайта ашады) Тук-тук, балғалар, (Еңкейіп, кезек-кезек жұдырықтарымен тізелерін ұрады) Хлоп-хлоп, алақандар, (Тізелерін алақандарымен қағады) Оп-оп, секіреді қояндай, (Бүгілген саусақтарымен тізелерін қағады). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? (дене шынықтыру)		фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. (танымдық дағдылар)	Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Шуақты күн" Мақсат-міндеттер: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесісіз	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық" Мақсаты: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру		Сурет салу "Орманға жидек теруге барамыз" Мақсаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу	Музыка "Күнбағыс" Мақсаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім

	тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.	кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.		мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. <i>Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.</i> "Көркем әдебиет ""Мақтаншақ қоян"" ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын,	қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту. <i>"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны.</i>
--	--	--	--	---	--

				тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: ""Не жақсы, не жаман?""."	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күнді бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі	Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм,		Жаңбырдың жауғанын бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: жаңбырдың пайда болу құбылысын түсінуге мүмкіндіктер жасау; бақылағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жаңбырдың неден пайда болатыны	Ақ қайынды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: қайынның белгілерін атай білу, басқа ағаштардан айырмашылығын ажырата білу, қайынның әдемілігін айту. Ересектермен бірлескен жұмыс

	жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Күн терезен қарайды, Бізге шуақ шашады, Біз шапалақ соғайық, Күнді қарсы алайық! Еңбек әрекеті: құм салғышты құммен толықтыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: кішкене шелектермен таза құмды құмсалғышқа төгу әрекетіне тарту; қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	саз), казу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды		туралы түсініктерін қалыптастыру; оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. - Балалар, ақ жауын мен нөсер жауын бірдей ме? Жұмбақ шешуге үйрету. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. Көркем сөз. Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. Арық суы мол болсын. Өсімдіктер көп болсын. Жауған жерің шөп болсын Еңбек әрекеті: ауладағы қағаз, қоқыстарды	түрлері. Бақшадағы көкөністерді бақылау және қарау. Мақсаты: Топтық жұмысқа үйрету және дағдыларын қалыптастыру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.
--	--	--	--	--	---

	Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып	өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. "Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар) Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі		жинау. "Түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда зейінді дамыту, түстерді ажырата білу, белгі бойынша әрекет ету. Жүгіру, жүру жаттығулары. Балалар 3-4 түсті жалаушаларды алады және бөлменің әртүрлі бұрыштарында 4-6 адамнан тұрады, әр бұрышқа тәрбиеші түрлі-түсті жалауша қояды. Тәрбиешінің белгісі бойынша "Серуендеуге барамыз!" балалар жан-жаққа тарайды. "Өз түстерінді тап!" - деген белгіні естігенде, балалар	Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру
--	--	--	--	--	--

	саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Жалаушаға жүгір"	бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. "Аттар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында -ауыздық. Аланның басқа жағында - аттар жайылатын жер,		тиісті тудың жанына жиналады. Тәрбиеші қай топтың тез жиналғанын айтады. Ереже. Тудың қасынан белгі бойынша ғана шығу. "Серуендеуге барамыз!". Тиісті түсті жалаушаның жанына жүгіру және жиналу "Өз түстерінді тап!" Дене тәрбиесіне арналған ойын: балалардың алға қарай екі аяғымен секіруін дамыту. Белгі бойынша әрекет етіңіз, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. Балалардың еркін ойыны.	жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен ұсақ бұтақтарды жинақтау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. Балалардың еркін әрекеті.
--	--	--	--	---	--

	ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісіне сәйкес іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту, назар аударту, түстерді ажырата білу. Жүгіру және жүру жаттығулары. Дене тәрбиесіне арналған ойын: Балалардың қимыл-қозғалыстарын белгі бойынша орындауын, әр түрлі бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. Балалардың еркін ойыны.	бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармандар. Тәрбиеші: "Шабармандар, тұрындар, тезірек аттарды дайындаңдар!" - дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. "Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар",- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. "Аттарыңды ат қораға апарыңдар",- дегенде апарады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Балалардың еркін ойыны.			
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				

Түскі ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Оянайық бәріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың	"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.		"Скафандр киеміз" кимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін мәніне, ырғағына сай	"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз" дамытушы ойыны.

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын	Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ой-қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Қуыршақ бөлмесін		қимылдауға жаттықтыру; дене мүшелерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Арманшыл баламыз, (Бас бармақтар жоғары көтеру) Ғарышкер боламыз. (Қолдарды жұдырықтарға жинау, шынтактарды бүгу) Бір аяқты өткізіп, (Қол белде, аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру) Екіншіні саламыз. (Қол белде, екінші аяқты тізе бүгіп, көтеріп түсіру Қолды жеңге өткізіп, (Бір қолды шынтакта бүгіп созу) Солды жеңге өткізіп, (Екінші қолды шынтакта бүгіп созу) Сыдырманы	Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. (дене шынықтыру) "Киімді тазалау үйі" сюжет-рөлдік
---	--	--	--	--	---

	"шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын	жасаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту; коммуникативті біліктерді дамыту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Тәрбиеші балаларға: "Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік", - дейді. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, Асем: "Бұл үстел, біз оны		жүргізіп, (Бір қолмен сыдырманы жүргізген болы қимылдату: төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (Екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне қойып, екі бетті екі алақанмен жауып, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру.	ойыны. Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз.
--	---	---	--	---	--

	суреттер топтамалары. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Біз естиміз-жасаймыз" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсету дағдыларын дамыту. (дене шынықтыру)	бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ онда тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар сипаттап, айтып береді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)		Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Суретті тап" ойыны. (балалар тобымен жұмыс) Мақсат-міндеттер: есте сақтау, зейінді дамыту. Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау,	"Неге ұқсайды?" (балалар тобымен жұмыс). Мақсат-міндеттер: зейінді, байқағыштықты дамыту. Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшені қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен		"Біз сапарға шығамыз" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды	"Не болады?" (балалар тобымен жұмыс) ойыны. Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау, заттардың белгісі немесе қасиеті бойынша жалпылау дағдыларын дамыту. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы:

	көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу. (танымдық дағдылар)	ұқсастығын сұрау. Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті. Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текше-шаршы, доп-үлкен, текше - кішкентай. Ойынды қиындата отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б.. (танымдық дағдылар)		дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Қызыл не болады?" (көйлек, гүл, шелек және т. б.); "Дөңгелек не болады?" (доп, айна, күн және т. б.); Не үлкен?" (үлкен үй, үлкен көлік және т.б.). (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың ауыстыратын киімі" туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Абайлаңыз, жәндіктер!" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.		"Абайлаңыз, қолымызды таза ұстайық" атты ата-аналарға арналған жаднамалар.	"Баланың демалыс күндері" атты әңгіме.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова